

Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 маусымдағы № 24-6 "Жер салығының ставкалары туралы" шешіміне өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 6 сәуірдегі N 34-13 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 мамырда N 3245 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 18 маусымдағы № 28-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 18.06.2018 № 28-4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21 - бабына, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 28 қарашадағы Заңының 1 - бабы 3 - тармағының 107) - тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 маусымдағы № 24-6 "Жер салығының ставкалары туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 6 тамызда № 13-4-105 тіркелген және "Дала дидары" газетінің 2010 жылғы 14 тамызда № 34 және "Ақжар-хабар" газетінің 2010 жылғы 14 тамызда № 34 жарияланған) келесі өзгертулер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдері туралы" Кодексінің 387 - бабы 1, 1-1 - тармағына және 444 - бабы 1 - тармағына сәйкес (Салық кодексі) Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**";

1 - тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. Автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) және казино орналасқан жерлерді қоспағанда, " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық

кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 379, 381, 383 - баптарымен белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері 50 пайызға жоғарылатылсын, соған сәйкес:

1) жеке тұлғаларға ұсынылған, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге базалық салық мөлшерлемелері;

2) елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда) базалық салық мөлшерлемелері;

3) елді мекендердің сыртында орналасқан, өнеркәсіп жерлеріне базалық салық мөлшерлемелері.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 378, 444 - баптарымен белгіленген жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын, соған сәйкес:

1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы Қазақстан Республикасының жер заңына сәйкес қолданылмайтын жерлерге базалық салық мөлшерлемелері;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы Қазақстан Республикасының жер заңына сәйкес қолданылмайтын жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері."

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының
Ақжар аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

Н.Ковригина

*Солтүстік Қазақстан облысының
Ақжар аудандық мәслихаттың
хатшысы*

М.Жұмабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қазақстан Республикасы
қаржы Министрлігінің
мемлекеттік кірістері
Комитетінің Солтүстік Қазақстан
облысы бойынша мемлекеттік
кірістер департаментінің
Ақжар ауданы бойынша
мемлекеттік кірістері
басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің
басшысы
2015 жылғы 6 сәуірдегі*

Ж.Батыргужинов